

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

**ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫ**



**АЙТЫЛДЫ –
ОРЫНДАЛДЫ**

ЖАҢА АЛМАТЫ



**ТҰРҒЫНДАР ҮШІН
ЗОР МҮМКІНДІК**

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН



**РАМАЗАН –
ҚАСИЕТТІ АЙ**

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.03.2023

Түнде:
+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

15.03.2023

Түнде:
+2+4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №35 (6328) 14 наурыз, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official | www.facebook.com/aqshamy.official | www.youtube.com/channel/UCx23M2xriChx6Br1JgqyqeA | web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz | vk.com/aqshamy.official | twitter.com/aqshamy_kz



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЕЛ БІРЛІГІ

реформаларды табысты жүзеге асырудың басты кепілі



Мемлекет басшысы әкімдермен және мемлекеттік органдардың басшыларымен кеңес өткізді

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрдің, мемлекеттік органдар басшыларының, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің қатысуымен кеңес өткізді.

Жиында ел өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер қарастырылды. Қазақстан халқына Жолдауында айтылған міндеттердің іске асырылуына және Президенттің бұған дейін берген тапсырмаларының орындалуына ерекше назар аударылды.

МЕРЕКЕ

«АМАЛ КЕЛДІ, ЖЫЛ КЕЛДІ...»



Көктеммен бірге Жер-Ана да бусанып, қазақ даласына Жаңа жыл келе жатыр. Оны 22 наурызда күтіп аламыз. Ал атам қазақтың ұғымында, 13 наурызды «Самарқанның көк тасы еріген күн» дейтін ұғым бар. Самарқан – өзбек жеріндегі қала. Онда бізге қандай қатысы бар? Шыны керек, ел арасында бұл ұғым туралы аңыз, болжам көп. Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбектің астроном болғаны тарихтан белгілі. Ол ғылыми негіздерге сүйене отырып аспан әлемін зерттеген. 13 наурызда Ұлықбектің обсерваторияның аспанға қарайтын телескопының бетіне күн ешқандай бұрылыссыз дәл түсетін болған екен.

ҚЫСҚА...

- Президент Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовті қабылдады.
- Мемлекет басшысы Әділет министрі Азамат Есқараевты қабылдады.
- Бүгін сағат 10.00-де Үкімет отырысы өтеді.
- Сенаттың кезекті отырыстары 15 және 16 наурызда өтеді.
- 16 наурызда Анкарада Түркі мемлекеттері ұйымының Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы өтеді.
- 2023 жылғы Ораза айының кестесі жарияланды.
- Бүгіннен бастап тікелей Алматы – Шарм-эль-Шейх бағытына аптасына 2 рет тұрақты әуе рейсі қатынамақ.
- «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірлерде 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын салу көзделіп отыр.
- Елімізде өндірілетін дәрі-дәрмектердің ішкі нарықтағы үлесі 50%-ға дейін жеткізілмек.
- «Халал тамақ өнімдеріне қосылатын тағамдық қоспалар мен басқа да химиялық заттарға қойылатын жалпы талаптар» ұлттық стандарты бекітілді.
- Спорттық гимнастикадан Бакуде өтіп жатқан Әлем кубогының кезеңінде қазақстандық Нариман Құрбанов жеңімпаз атанды.
- Түркістан облысы, Сарыағаш ауданындағы қожалықта Қазақстан бойынша салмағы 230 келі ең ірі қой тіркелді.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛ БІРЛІГІ

реформаларды табысты жүзеге асырудың басты кепілі



Мемлекет басшысы әкімдермен және мемлекеттік органдардың басшыларымен кеңес өткізді

(Басы 1-бетте)

БОЛАШАҒЫМЫЗ – АЙҚЫН, НАҚТЫ ЖОСПАРЫМЫЗ БАР

Президент елімізде жан-жақты саяси жаңғыру процесі жүріп жатқанын атап өтті. «Еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Бір жылдың ішінде ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Билік жүйесін жаңа талапқа сай жаңғырту үшін бірнеше саяси науқан өткіздік. Маңызды мәселелерді талқылау үшін Ұлттық құрылтайды құрдық. Мемлекетіміздің тұғырын және ел бірлігін нығайтатын жаңа идеологиялық тұжырымдар ұсындық. Наурыз мейрамын жаңаша атап өте бастадық. Республика күнін қайта жаңғырту тарихи қадам болды», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар ел ішінде ғана емес, шетелдерде де талқыланып жатыр.

– Біздің болашағымыз – айқын, нақты жоспарымыз бар. Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы – билік институттарын жаңарту жұмысының қорытынды кезеңі. Осылайша билік жан-жақты реформаларды жалғастыру үшін жаңа сенім мандатына ие болады. Елімізді дамыту жолында тың бастамалар көтеріп, оны табысты жүзеге асыру – басты міндет. Қазір жетістікке маз болып отыратын заман емес. Жұмысты тың қарқынмен жалғастыру керек, – деді Президент.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы қоғамдық тұрақтылықты сақтау мәселесіне баса мән беру керек екенін айтты.

– Елімізді дамыту үшін саяси жүйені ғана жаңғырту жеткіліксіз. Реформалар, ең алдымен, қоғамда жаңа саяси мәдениет қалыптастыруы керек. Сонымен бірге, жаңа құндылықтарды орнықтыруы қажет. Ең алдымен, ел мүддесіне және әр адамның құқығына басымдық беріледі. Геосаяси ахуал ұшыққан кезде мемлекеттің және азаматтардың жауапкершілік жүгі артады.



Аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ойланбай қабылданған бір шешім елге зардабын тигізуі мүмкін. Әрине, мемлекет сөз бостандығына кепілдік береді. Әркімнің қалауынша қарекет жасауына мүмкіндік бар. Бірақ бұл басты мәселеге жол беру деген сөз емес. Әрбір азамат елдің тыныштығын және оның аумақтық тұтастығын сақтауға қатысты заң талаптарын мұлтіксіз орындауға міндетті. Заң мен тәртіп бар жерде тұрақтылық болады. Бұл қағида – барлығына ортақ, – деді Президент.

Мемлекет басшысы халқымыздың ұлттық бірегейлігі мен бірлігін нығайту маңызды міндет екенін айтты.

– Соңғы кезде бір аймаққа ғана белгілі адамдарға ескерткіш орнату сәнге айналды. Жергілікті ономастика комиссиялары бұған жол бермеуге тиіс. Орынсыз шешімдерге Республикалық комиссия тосқауыл қоюы керек. Әркім өз бабасына ескерткіш қоя берсе, елде рушылдық, жершілдік белең алады. Осыған назар аударыңыздар. Кеңестік кезең қайраткерлеріне, соның ішінде жаппай қуғын-сүргінге тікелей қатысы бар адамдарға ескерткіш, бюст орнату ісі әлі жалғасып келеді. Өмірде болмаған ерлік істерге толы өмірбаяндар ойдан

құрастырылып жатыр. Олар туралы деректер архив құжаттарында нақтыланбаған немесе мүлде жоқ. Кейбір белсенді топтар азаматтарымызды кеңестік кезеңдегі партия және мемлекет қайраткерлерінің аңызға бергісіз өмірбаяндарына сенуге мәжбүрленіп жүр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Этносаралық қарым-қатынас мәселесі әрдайым өзекті болып қала береді. «Этносаралық келісімді нығайту – еліміздің тұрақты дамуының негізі. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру үшін орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті билік, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен жалпы азаматтық қоғам күш біріктіруі қажет», – деді Президент.

ХАЛЫҚТЫҢ ТҮРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы рухани құндылықтарымызды сақтау маңызды екеніне назар аударды.

– Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу аса маңызды. Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет. Өскеген ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл – өте ма-

ңызды мәселе. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айырылып қалуымыз мүмкін. Әкімдерге құзырлы органдармен бірлесіп, дін саласындағы жұмысты жандандыруды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент халықтың тұрмыс сапасын арттыру Үкімет пен облыс әкімдерінің ең басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Мемлекет басшысы азаматтарымыз елімізде оң өзгеріс болып жатқанын сезінуі қажеттігіне тоқталды. Ол үшін игі бастамалардың мән-маңызын халыққа ұдайы айтып отырған жөн.

– Біз тұрақсыздыққа апаратын әрекеттерге жол бермейміз. Мұндай заңсыз әрекеттердің алдын алу қажет. Елге іріткі салып, қоғамдық тәртіпті бұзуға шақырған адамдар қатаң жазаланады. Арандатуға қарсы күрес заң аясында, жедел әрі жүйелі түрде жүргізілуі керек. Тиісті заңдарымыз бар, оларды қатаң сақтауымыз керек. Әйтпесе әрекетсіздіктің салдары еліміз үшін өте қауіпті болуы мүмкін. Мен бірнеше рет айтқанымдай, бізге, ең алдымен, заң үстемдігі аса қажет. Заң сақталса және азаматтық жауапкершілік жоғары болса, қоғамда тәртіп болады. Тұрақтылық бар жерде ғана даму, өркендеу болады. Ел бірлігі – реформаларды табысты жүзеге асырудың басты кепілі. Сондықтан ырысты ынтымақпен білек сыбана жұмыс істеуіміз қажет. Мемлекетті жан-жақты жаңғыртуға қатысты жұмыс болашақта жалғасын табады. Осы орайда мен бірқатар тың бастамаларды ойластырып жатырмын. Оны сайлаудан кейін жария етемін, – деп Президент сөзін қорытындылады.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдер мен мемлекеттік органдар басшыларына азаматтармен өзара байланысты күшейтуді, кездесулер мен жеке қабылдаулар өткізуді тапсырды.

Кеңес барысында Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев және Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов сөз сөйледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Жұмабай Айболат Нұқабайұлы – Алматы қаласының №3 сайлау округі бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына өзін-өзі ұсынушы

01.10.1964 жылы Алматы облысы, Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданында, көпбалалы отбасында туылған.

Білімі: жоғары.

•Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Заң» факультеті, мамандығы «Құқықтану» (1988–1993).

•Алматы индустриалдық техникумы, мамандығы «Техник-технолог» (1981–1986).

•АҚШ Халықаралық құқық қорғау академиясының биологиялық, химиялық және ядролық қаруды тергеу Курсы (1997) АҚШ-та өткізілді.

•АҚШ-та өткізілген «Этика, лауазымдық сыбайлас жемқорлық» Курсы АҚШ Әділет министрлігі (1998).

•1986 жылы 17-18 желтоқсан айындағы оқиғасына қатысып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болып танылып, Қазақстан Республикасы Прокуратурасымен 18.11.2016 ж. ақталды.

Қазіргі уақытта Д.А.Қонаев атындағы Еуразия Заң Академиясы Ректорының құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі болып жұмыс істеймін.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ ЕТУ «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Заң департаментінің директоры.

ҚР Президентінің Іс басқармасы, Заң қызметі және кадр жұмысы бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

ҚР Әділет министрлігі: 1993 жылдан 1999 жылға дейін – Құқықтық сараптама бөлімінің маманы, Заң шығару басқармасының жетекші кеңесшісі, Мемлекеттік және құқық қорғау заңнамасы басқармасының бас кеңесшісі, Құқықтық сараптама басқармасы басшысының орынбасары, Заң жобалау жұ-

мыстары және құқықтық сараптама басқармасының басшысы.

Мемлекеттік наградалары және құрметті атақтары:

1. «Құрмет» ордені (12.2021).
2. Мерейтойлық медальдары: «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» (12.2021 ж.), «Желтоқсанның 30 жылдығы» (12.2016), «Батыр Шапағаты» (05.2020), «Желтоқсанға 35 жыл» (12.2021).
3. «Бірінші сыныпты Заңгер» сыныптық шені берілді (07.1995).

Кандидаттың сайлауалды бағдарламасы

Елімізде Әділ, Жаңа Қазақстанды қалыптастыру мақсатында қоғам мен мемлекеттің барлық салаларында реформалар жүргізетін кез келді. Оларды жүзеге асыруды одан әрі кешіктіру мемлекеттіліктің дағдарысына әкелуі мүмкін.

Сондықтан мен бірқатар күрделі мәселелерді шешуді бірінші кезекте маңызды деп санаймын.

1. Сыбайлас жемқорлықпен күресу. Барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің өз қызметінің нәтижелері үшін жеке жауапкершілігін қамтамасыз етудің әкімшілік-құқықтық механизмдерін күшейту. Аталған механизмнің сенімді жұмыс істеуі мемлекеттік аппараттың барлық жерде сыбайлас жемқорлықты жоюдың маңызды кепілі болады.

2. Түпкі мақсат – Қазақстанда адал және тәуелсіз сотты қалыптастыру, жеке адамдардың өміріне қол сұғылмаушылық кепілдігін және жеке меншікті қорғауды күшейту болып табылатын сот реформасын дереу бастау.

3. Заңнаманы өзгерту арқылы Банктерден несие алып, жұмысынан, еңбек ету қабілетінен айырылған және өзге де қиын өмірлік жағдайлардың салдарынан төлемге қабілетсіз болып қалған азаматтар қатарынан банктердің борышкерлерге жаза қолдану құқығын шектеуге қол жеткіземін.

4. Жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, әлеуметтік жағдайын көтеретін және біздің елімізде өз бизнесін дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарлары бар тауар өндіруші кәсіпорындар үшін Заңнаманы қайта қарау қажет.

5. Бұрын заңсыз берілген немесе түкке тұрғысыз бағаға сатылған жерлерді мемлекетке қайтару мақсатында жерлерге тексеру жүргізу маңызды мәселе болып табылады.

6. Экономиканың маңызды салаларын мемлекетке қайтару қажет! Мысалы, мемлекеттік құрылыс компанияларын құру арқылы тұрғын үйдің шаршы метрінің құнын қарапайым халық үшін қолжетімді етіп, тұрғын үй құрылысына жер телімдерін бөлуде алыпсатарлық пен жемқорлықты жоя алар едік.

Екінші деңгейдегі банктерге бәсекелестік мақсатында жеке (шетелдік) акционерлердің (олигархтардың) игілігіне емес, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік банк құру қажет.

7. Кеңес Одағының тоталитарлық режиміне қарсы шыққан және Отанымыздың тәуелсіздігіне жол ашқан 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы қазақ жастарының көтерілісіне саяси мәртебе беруіне өз күшімді саламын. Осы көтеріліске қатысып, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған азаматтарға әлеуметтік жағдай жасау үшін Қазақстан Республикасының «Ардагерлер туралы» За-



ңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Кейбір желтоқсандықтардың әлі де ақталмағанын ескере отырып, мен оларды ақтаудың құқықтық механизмін әзірлеймін.

Қазақстан жарқын болашағы бар өркендеген елге айналып, ал оның Азаматтары өз елімен мақтануы керек, оған және оның билеушілері үшін ұялып күйінбеуі тиіс. Қазақстан сияқты бай мемлекеттің халқына кедей өмір сүру – ол қылмыс.

Мен Парламент Мәжілісінің депутаттық мандаты үшін күреске Әділ, Жаңа Қазақстанды құру үшін кірісіп отырмын. Бос сөзден нақты іс-әрекеттерге көшейік!

Республикалық бюджет қаражатынан және ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат А.Н.Жұмабайдың есеке қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: А.Н.Жұмабай.

№1 сайлау округі бойынша Алматы қаласы мәслихатына кандидат

Мухамедиев Кайрат Тлеуевич ДАУЫС БЕР!

САПАЛЫ ЖОЛДАР, ЖАРЫҚ КӨШЕЛЕР, ҚОЛЖЕТІМДІ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



Құрметті сайлаушы!

Мен Кайрат Тілеуліұлы, 1964 жылы 29 тамызда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауылында жүргізуші (шофер) мен мұғалім отбасында дүниеге келдім. Көпбалалы отбасынан шыққанмын. 1971 жылы Ақсу ауданы, Жансүгіров кентіндегі Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектептің бірінші сыныбына барып, 1981 жылы аталған мектепті бітірдім.

1982–1984 жылдары Кеңес әскері қатарындағы борышымды өтегеннен кейін, 1985 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, 1990 жылы осы институтты тәмамдап, «Тарих, қоғамтану және мемлекеттік құқық мұғалімі» мамандығын алдым. Ұстаздық жолымды өзім өскен Жансүгіров кентіндегі Ж.Сыдықов атындағы мектептен бастадым.

Өз ауылымда бес жыл еңбек еткеннен кейін 1995 жылы Алматы қаласына қоныс аудардым. Қала маңындағы ол кезде Іле ауданына қарасты Қарасу ауылындағы №12 мектепке жұмысқа тұрдым. 2003 жылдан бастап «Қарасу» ықшамауданындағы №160 мектепке мұғалім ретінде ауыстым.

Мектеп ұжымының шешімімен 2011 жылы бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы болып сайландым. 2016 жылы Алатау аудандық кәсіподақ төрағасы болып сайландым. Қазіргі уақытта осы қызметте жұмыс атқарудамын.

Отбасылық жағдайым: үйленген, екі ұлым бар. Үлкен ұлым жүргізуші (шофер) болып жұмыс істейді, кіші ұлым №179 мектептің 9-сынып оқушысы.

Көптеген мақтау қағаздарымен, Сағадат Нұрмағамбетов және Талғат Бигельдиновтың 90 жылдықтарына орай мерейтойлық екі медаль, «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталдым.

Өзім тұратын ықшамауданнан және өзім тұратын ықшамауданға жақын мекендерден мәслихат депутаттығына кандидат болып тіркелдім.

Сіздің дауысыңыз болашақ үшін маңызды!

Республикалық бюджет қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: К.Т.Мухамедиев.

Үміткер Ләзат Ақтаева:

«БАСТЫ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ!»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көтерген «Жаңа Қазақстан» идеясы ауқымды реформалар мен оң бастамаларға негіз салып, тың мүмкіндіктер мен заманауи үрдістерге жол ашты. Тілге тиек етіліп отырған осынау соны өзгерістер денсаулық сақтауға да қатысты. Өйткені, елдің болашақта дамуына экономикалық көрсеткіштер ғана емес, сондай-ақ халықтың тән саулығы мен жан саулығының жай-күйі де әсер етеді, сондықтан қоғамымыз бұл саладағы ахуалға бей-жай қарай алмайды. Бұл ретте кінәратсыз өмір салтын насихаттаушы бірқауым жұрт медицина саласындағы ілкімді ізденістерді ұдайы назарда ұстап, жағымды жаңалықтармен бөлісіп отырады. Менің өзім де сол көпшіліктің сапынан табылатындықтан, Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаттығына кандидат болып тіркелген Ләзат Ақтаева ханымның сенімді өкілі ретінде үміткердің ұтымды ұсыныстарына қолдау білдіріп, оқырман жұртшылықпен көкейтесті ойларымды бөлісіпкішіп.

Халқымыз денсаулыққа ежелден баса мән берген. Бұған күні бүгінге дейін жеткен «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», «Ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады», «Ішін ауырса – аузыңды тый, көзің ауырса – қолыңды тый» деген мақал-мәтелдер куә. Сондай-ақ, «Тазалық – саулық негізі», «Аурудың алдын ал», «Шынықсаң, шымыр боларсың», «Дерт көп, денсаулық біреу» деп, жас ұрпаққа жеке бас тазалығын ұстаудың, дене тәрбиесінің қадірін түсіндірген. Осы орайда Алматы қаласының салауатты тұрмыс тәртібін ұстанатын қалың көпшілігі үмітін үкілеп, додаға қосқан топжарған үздігіміз, білікті дәрігер, білімді маман Ләзат Ақтаеваның өзі халық даналығындағы «Денсаулық – зор байлық» делінетін оралымды ой, пайымды пікірді алға тартады.

Сөзімізге арқау болып отырған Ләзат Мейрашқызы Ақтаева тәжірибелі дәрігерлігімен қоса танымал ғалым, медицина ғылымының докторы, профессор. Сондай-ақ, ол Алматы және Астана қалаларының денсаулық сақтау басқармаларында басшылық қызметтер атқарған, республика Денсаулық сақтау министрінің орынбасары болып істеген тәжірибелі менеджер. Ол бүгінде Алматы жоғары медицина колледжінің директоры ретінде жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп келеді.

«Саналы өмірімнің көп бөлігін Алматыда өткіздім. Студенттік өмірім де осы қаламен тығыз байланысты. Шаһарымыздағы денсаулық сақтау, білім беру, халыққа қызмет көрсету ұйымдарында 16 жылға жуық жұмыс істедім» дейді үміткер. Ләзат Мейрашқызы өзінің сайлауалды бағдарламасын еліміздің денсаулық сақтау саласының жай-күйін бүге-шігесіне дейін білетін басшы әрі мәселенің байыбына үңілген зерделі ғалым ретінде өмірден өз орнын табуға тиісті толыққанды нұсқама-ұсыныс сипатында талдап жасаған. «Мемлекет азаматтарымыздың денсаулығын сақтау ісін қаржыландыруды ұдайы арттырып отырғанын, дәрігерлер мен медбикелерді оқытуға бөлінетін гранттардың көлемі өсіп, барлық үдерістер цифрландырылып, медициналық ұйымдар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталып жатқанын бәріміз естіп жүрміз. Сонымен қатар, біз күн сайын ауруханалар мен емханалардағы оралымсыздықтарды, тексерілісі келетін, тексеруден өтуге ниет білдірген немесе ауруханаға жатқызуды күтіп отырған азаматтарымыздың таусылмас кезегі туралы да құлағдармыз. Сондықтан да жүйеде орын алған кемшіліктер түзетілуі керек». Мәселені осылайша төтесінен қойған үміткер Ақтаева: «Маған сеніңіздер, мен сіздерді толғанып жүрген түйткілер туралы жақсы хабардармын және оларды қалайша түзетуге болатынын да білемін!» деп, батыл шешімін алға тартады.

Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаттығына кандидат болып тіркелген Ләзат Ақтаеваның жұрт сенген өкілі ретінде Алматы қаласының 5-ші сайлау округінің – Бостандық, Медеу және Наурызбай аудандарының тұрғындарын 19 наурызда өтетін бүкілхалықтық сайлауға белсенді түрде қатысып, үміткерімізді қолдауға шақырамын. Өйткені, Ләзат Мейрашқызы Ақтаева қаламызды жақсы біледі, оның қолынан іс келеді, бәріміз жұдырықтай жұмылсақ, елімізді де, ару шаһар – Алматыны да дамытып, көркейтеміз!

Республикалық бюджет қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: Л.М.Ақтаева.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

ЖАҢА МАҚСАТ, ЖАҢА ҮМІТ

Биылғы 10 наурызда телеарнада сайлауға қатысушы партия өкілдерінің сайлауалды пікірсайыс алаңында кездесу сұхбаты өтті. Пікірсайыс алаңында әр партия өкілі өз партиясының бағдарламасымен қысқаша таныстырып, алдағы сайлауда сайлаушылар қолдап дауыс берген жағдайда қоғам мүддесіне қандай игілікті іс ұсына алатыны туралы ақпарат берді.

Бұл жолғы сайлаудың өзгешелігі: біріншіден, сайлауға түсетін партиялардың саны бұрынғы сайлауға қарағанда көп болуы, яғни көппартиялық жүйенің дамуында шынайы қадамдардың болуы; екіншіден, жаңадан құрылған партиялардың саяси аренада өзін жаңа серпін, жаңа мақсат, жаңа үмітпен таныта білу мүмкіндігі; үшіншіден, саяси процесс ретінде бұл жолғы сайлауда партия саны тұрғысынан шынайы бәсеке құбылысының орын алуы; төртіншіден, жаңа партиялардың құрылуы жаңа бір саяси идеологияның туындауына әкелетіндіктен қоғамда саяси плюрализм дамуына

жол ашылуы, бесіншіден, жаңа партияның құрылуының өзі ел азаматтарының саяси белсенділігінің артуы нәтижесінде бірлесу бостандығы құқығын қолдана білуі, нәтижесінде азаматтарда саяси белсенділік пен саяси мәдениеттің дамуына әсер етуі; алтыншыдан, жаңадан құрылған саяси партияларды азаматтардың қолдап мүше болуының өзі азаматтардың саяси құқықтарын қолданғандығы елдегі демократия дамуының бір көрінісі ретінде бағалануы секілді бірнеше ерекшелігін атап өтуге болады.

Саяси бәсекеге жеті саяси партия үміткер ретінде өз өкілдерін ұсынды. Бұл үміткер партиялар арасында отыз жылдық тәжірибесі бар «Аалы» партиялармен қатар құрылғанына екі айдай ғана уақыт болған «Жаңа жас» партиялар да бар. Үміткер партиялар потенциалы, идеологиялық мазмұны, тіпті партия мүшелері тұрғысынан да әр алуан. Телеарнадағы бағдарламада партия

өкілдері арасынан бір партияның екінші бір партияға (тәжірибелі партия өкілінің жаңа партия өкіліне) коалиция ұсынылғаны, алдағы уақытта бірлесу қызмет ету туралы ұсыныстары туралы айтылды. Бұл ұсыныс жаңадан құрылған бір партияның өзінің жаңа жолын бағдарлау талпынысындағы әрекеттерінен бас тартып, қайтадан ірі партиялардың қолына келгенін қалайтын туынды болуы мүмкін. Партиялар жүйесінде саяси партиялар санының көп болуы және бұл партиялардың өз идеологиясын жүзеге асыруға деген шынайы бәсекелестігі қоғамда саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуға жол ашатынын, нәтижесінде адам құқықтары қорғалатын, азаматтардың мүддесіне қызмет ететін демократиялық қоғамның орнығуына жол ашад.

Мейрамгүл ИСАЕВА,
Саяси зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Әділет министрі Азамат Есқараевты қабылдады.

Президентке әділет органдары қызметінің нәтижелері және алдағы кезеңге арналған жоспары туралы есеп беріліп, реформа жүргізілетін бағыттар таныстырылды. Министр Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді тексерудің аяқталғанын мәлімдеді. Заңнаманың сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылданып жатқанын айтты. Осы ретте 1000-нан астам бап пен 1200 ұсынысқа талдау жүргізілді. Нәтижесінде азаматтар мен кәсіпкерлер құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелерін ескеретін және бизнесті негізсіз қылмыстық қудалауға жол бермейтін тиісті заң жобасы әзірленді.

Президент Әділет министрлігіне қарасты мәселелер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және цифрландыру шараларын қамтитын 12 жобамен танысты. Министрлікке жүктелген міндеттердің сапалы іске асырылуының маңыздылығына назар аударып, заңнаманы одан әрі жетілдіруге және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.

■ СЕНАТ

Палата Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қолдауымен, Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының бастамасымен құрылған Талдау мектебінің екінші кезеңіндегі оқыту курсы аяқталды.

Екі айға жалғасқан екінші кезеңде Талдау мектебінің тыңдаушылары аналитикалық материалдар даярлаудың түрлі дағдыларын меңгеріп, қабілеттерін жетілдірді. Оқыту курсының соңғы дәрісінде тыңдаушылар командалық жобаларын ұсынды. Белгілі қазақстандық және шетелдік сарапшылар түрлі аналитикалық әдістер мен тәсілдер туралы дәрістер оқып, шеберлік сабақтары мен тренингтер өткізді. Сабақтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілуін жобаның бір ерекшелігі ретінде атап өткен жөн. «Талдау мектебінің екінші кезеңі Қазақстанның өңірлік даму мәселелері мен перспективаларына арналды. Курс аясында 32 сағатты құраған дәрістер, шеберлік сабақтары және тренингтер өткізілді. Тыңдаушыларға белгілі отандық және шетелдік сарапшылар, аналитиктер және ғалымдар дәріс оқыды. Осы жоба сіздердің кәсіби маман және тұлға ретінде қалыптасуларыңызға өзінің зор септігін тигізеді деп үміттенемін. Сол жолда өздеріңе сәттілік тілеймін», – деді Сенат Төрағасы.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сайлауды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті.

Өткен жылдың қараша айында ауылдағы медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бекітілгені белгілі. Оның аясында өңірлерде 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны, оның ішінде 253 медициналық пункт, 242 фельдшерлік-акушерлік пункт және 160 дәрігерлік амбулатория салу көзделіп отыр. Бұдан басқа 32 көпбейінді орталық аудандық аурухананы (2024 жылы – 7, 2025 жылы – 25) жаңғырту жоспарланып отыр. Онда инсульт орталықтары, кардиология, жан сақтау және оңалту бөлімшелері ашылып, олар КТ, МРТ, УДЗ, ЭКЖ аппараттарымен жарақтандырылмақ. Сонымен қатар, ауылдық денсаулық сақтау объектілері үшін 1100 медицина қызметкерін даярлау жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар, кеңесте елімізде өндірілген дәрі-дәрмектердің ішкі нарықтағы үлесін 50%-ға дейін жеткізу жөніндегі шаралар қаралды. Өмірлік маңызы бар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бойынша ұзақ мерзімді шарттар жасасудың маңызы айтылды. «Онкологиялық және жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеуге арналған препараттарға ерекше назар аудару керек. Ол үшін алдағы жылдарға қажеттілікті ескере отырып, осындай дәрілік заттардың тізбесі бекітілуі тиіс», – деді Үкімет басшысы. Премьер-Министр қаралған шаралардың барлығы 2029 жылға дейін тиісті Жол картасында көрсетіліп, оны бір ай мерзімде бекіту керек деп түйіндеді.

■ БАҒА

Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғалиннің төрағалығымен апта сайын өтетін кеңесте өңірлердің негізгі азық-түлік өнімдері бағасын тұрақтандыру жөніндегі жұмысы қорытындыланды.

Сауда комитеті төрағасының міндетін атқарушы Айдар Әбілдабаевтың айтуынша, көкөністердің, атап айтқанда, қырыққабат бағасының көтерілуі себебі – нарыққа өнімнің жеткіліксіз мөлшерде шығарылуы. «Түгендеу қорытындысы бойынша көптеген өңірде көкөністердің расталған қорларының жетіспеушілігін көріп отырмыз. Қазір нарықты біркелкі толтыру үшін өңірлер арасында қорларды бөлуі пысықтап жатырмыз», – деді Айдар Әбілдабаев.

Спикер әкімдіктерге күн жылынғаннан кейін жәрмеңке маусымын бастау ұсынылғанын айтты. «Жәрмеңкелер – еліміздің ішкі нарығын отандық өндірушілердің өнімдерімен, делдалдарсыз, өндірушілердің бағасымен толтырудың маңызды құралдарының бірі. Сонымен қатар, біз жылжымалы жәрмеңкелерді ұйымдастыру мәселесін бірнеше рет көтердік. Әкімдіктер арнайы бөлінген орындар мен маршруттарды белгілеуі керек, сол кезде кәсіпкерлер бекітілген маршрут бойынша оның кез келген нүктесінде сауда жасай алады. ӘКК балансына автодүкендерді сатып алуды, көшпелі сауда орындары мен бағыттарын бекітуді ұсынамыз», – деді ол.

■ ҚАНДАСТАР

Еңбек министрлігі: 2023 жылдың басынан бері 3 мыңнан астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды.

2023 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 3134 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 110,1 мың этникалық қазақ оралды, деп хабарлайды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Жыл басынан бері Қазақстанға келген қандастардың жартысы Өзбекстаннан (50,0%), Қытайдан (16,3%), Ресейден (15,9%), Түркіменстаннан (8,4%), Моңғолиядан (4,5%) және басқа елдерден (4,9%). Келген этникалық қазақтар негізінен Алматы (27%), Маңғыстау (16,6%), Түркістан (7,1%) және Жамбыл (3,6%) облыстарына, сондай-ақ Астана (10,5%), Алматы (7,6%) және Шымкент (6,5%) қалаларына қоныстанған.

■ АВИАРЕЙС

Қазақстан мен Египет арасындағы әуе қатынасының ашылуы елдер арасындағы сауда-экономикалық, туристік және мәдени ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінен хабарлағандай, «Air Saigo» әуекомпаниясы Астана – Шарм-эль-Шейх бағыттары бойынша 2023 жылғы 13 наурыздан бастап аптасына 2 рейс жиілігімен (дүйсенбі және жұма) және Алматы – Шарм-эль-Шейх бағыттары бойынша 2023 жылғы 14 наурыздан бастап аптасына 2 рейс жиілігімен (сейсенбі) тікелей тұрақты жолаушылар рейстерін орындауды бастауды жоспарлап отыр. «Air Saigo» – Каирде (Египет) орналасқан мысырлық әуе тасымалдаушысы.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; КР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі. «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

■ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

АЛМАТЫ

АГЛОМЕРАЦИЯСЫН ДАМУ

жоспарын жедел пысықтау маңызды



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Алматыға жұмыс сапары барысында қаланы одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңесте ағымдағы ахуал, өнеркәсіп, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, медицина жүйесі, білім беру және тағы басқа салаларды дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар мен жоспарлар туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев, Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният, Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков, Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Осман, Мәдениет және спорт вице-министрі Сәрсен Құранбек, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев баяндама жасады.

Премьер-Министр жалақының өсу қарқыны бойынша Алматы соңғы 10 жылда республикалық орташа деңгейден төмен болып келгенін, осыған байланысты бұл тенденцияны өзгерту керек екенін атап өтті. «Алматылықтардың нақты ақшалай кірістерінің жыл сайынғы өсуін қамтамасыз ету қажет. Бұл – кешенді жұмыс. Ең алдымен, жалақысы жоғары жаңа жұмыс орындарын құруға және инвестициялар тартудың жоғары қарқынын сақтап қалуға көңіл бөлу керек», – деді Әлихан Смайылов.

Спикердің айтуынша, халықтың табысын арттыру жұмыстары инфляцияны тежеу шараларын жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Жергілікті алыпсатарлардың әрекеті тек қалада ғана емес, бүкіл республика бойынша азық-түлік пен басқа да тауарлардың құнына әсер ететіндіктен, базарлардағы, оның ішінде «Алтын Ордадағы» баға белгілеуді жіті қадағалау қажет.

Үкімет басшысы инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселесіне тоқтала келіп, су құбырлары – 56%, кәріз – 57%, электр желілері – 60% тозығы жеткенін атап көрсетті. Оның айтуынша, мұны азайту үшін жыл сайын 100 км-ден астам су құбыры, 70 км-ден астам кәріз және 120 км-ге жуық электр желілерін қайта жаңарту қажет. Бұл ретте қалаға қосылған аумақтарда жаңа су көздерін салуды қамтамасыз ету керек.

Бәсекелестікті дамыту үшін Алматы агломерациясының шығыс және солтүстік бөліктерінде қосымша сауда алаңдарын құру мәселесін пысықтау, сондай-ақ делдалдық схемаларды анықтау бойынша өңірлік комиссияның тиімді жұмысын қамтамасыз ету керек.

Әлихан Смайылов білім беру және денсаулық сақтау жүйелерін дамыту мәселелерін де қозғайды. Мәселен, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалада 37 мың оқушыға арналған 22 мектеп салу жоспарлануда, бұл мектептердегі орын жетіспеушілігін едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, әкімдікке салынып жатқан нысандардың уақтылы пайдалануға берілуін қамтамасыз ету және Қаржы министрлігімен бюджеттен тыс қаржы көздерінен, сыбайлас жемқорлардан өндірілген қаражат есебінен қосымша оқу орындарын салуды пысықтау тапсырылды.

Спикер медициналық жүйе бөлігінде қаланың амбулаториялық-емханалық ұйымдарына шамамен 2,2 млн адам бекітілгенін, бұл оларға елеулі жүктеме беретінін атап өтті. Денсаулық сақтау министрлігіне озық тәжірибені ескере отырып, 1 тоқсанда осы саладағы стандарттарды өзектендіру ісін аяқтауды тапсырды.

Премьер-Министр сейсмикалық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударды. Оның ай-

Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту Алматы агломерациясы үшін басым бағыттардың бірі болуға тиіс.

туынша, Түркия мен Сирияда болған табиғи апаттар біздің еліміз үшін, әсіресе, Алматы үшін үлкен сабақ болуы тиіс.

Ол соңғы рет қаладағы нысандарды паспорттау 2017 және 2018 жылдары жүргізілгенін атап өтті. Осыған байланысты Төтенше жағдайлар министрлігі мен қала әкімдігі бірлесіп, қысқа мерзімде аудит жүргізіп, сейсмикалық қауіпсіздікті күшейту жөніндегі пәрменді шараларды іске асыруы тиіс. «Бұл мәселелерде әлемдік тәжірибені тек Алматыда ғана емес, еліміздің жер сілкінісіне ұшырауы ықтимал болған аумақтарда жаңа су көздерін салуды қамтамасыз ету керек», – деді Әлихан Смайылов.

Жалпы, Премьер-Министр шаһардағы қала құрылысы саясатын жақсарту қажеттігіне, бұл әсіресе, Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасын талқылау және келісу аясында өзекті екеніне назар аударды. «Әкімдік қала құрылысы кезінде әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жіберілген қателіктерді ескеруі керек. Сондай-ақ, тарихи-мәдени мұраны сақтай отырып, құрылыс нысандарының биіктігі мен тығыздығына ерекше назар аудару қажет», – деді ол.

Үкімет басшысы қаланың экологиялық проблемаларын шешу жөніндегі шараларды кешенді іске асырудың және Алматы агломерациясын дамыту жоспарын жедел пысықтаудың маңыздылығын атап көрсетті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ



ҚР Әділет министрлігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында айтқан мәселенің орындалғанын хабарлады.

«Мекемеаралық байланыста да, азаматтармен қарым-қатынас кезінде де қағазбастылықтан барынша бас тартқан жөн. Жыл соңына дейін ең қажетті анықтамалардың қағаз түрінде талап етілуін тоқтатып (47-ден 30-ы), мәліметті цифрлы түрде растау тәсілін қамтамасыз етуді тапсырамын.

Бізге мекенжай, мүліктік және өзге де анықтамалар бойынша оң тәжірибе бар. Мемлекеттік органдар жеке куәлікті, дипломды, жүргізуші куәлігін электронды түрде қабылдауға тиіс. Халыққа электронды сервистерді қолдануды ыңғайлы ету үшін мемлекеттік қызмет көрсету ісінде де, бизнесте де биометрияны кеңінен пайдаланған жөн», – деп Президент тапсырма берген болатын.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында Egov порталы арқылы бизнес-қауымдастық және басқарудың өзге нысандарына келесідей қызмет көрсету түрлері цифрландырылды:

- Egov арқылы тіркеуші органның қатысуынсыз заңды тұлға басшысын өзгертуге болады;
- Egov арқылы міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге болады;
- Egov арқылы техникалық паспорттың дубликатын алуға болады;
- Баланың тууын тіркеу рәсімі Egov арқылы электронды түрде жүргізіледі. Ата-анасының қалауы бойынша құжатты қағаз түрінде де алуға болады.

Мемлекет басшысының 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында айтқан тапсырмаларын орындағанын ҚР Ішкі істер министрлігі де хабарлады.

«Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан

бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын», – деп айтылған болатын Жолдауда.

ҚР Ішкі істер министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы мен ҚР Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныс әзірледі:

- ӘКБҚ-ге өзгерістер енгізу жолымен тұрмыстық құқықбұзушылықтарды тіркеудің өтініш беру сипатынан анықтау сипатына көшу;
- Талаптарды татуластыру рәсіміне қойылатын талаптарды қатаңдату. Қайта жасалған құқықбұзушылықтар бойынша татуласу құқықбұзушыға қатысты алып тасталды.
- Отбасылық-тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтар бойынша жауапкершілікті күшейту, сондай-ақ қайтадан жасалған құқықбұзушылықтар бойынша әкімшілік қамауға алу мерзімін ұлғайту ұсынылады.
- Материалдық немесе өзге де тәуелділіктегі адамдарға қатысты неғұрлым жиі кездесетін қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша (ҚК-нің 106-бабы, 107-бабы) саралау белгісін енгізу.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі де Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында (01.09.2022) айтылған мәселелердің бірі орындалғанын хабарлады.

Бұл түзетулер ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауына жіберілді.

«Келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев нақты тапсырма берген еді.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен ҚР Оқу-ағарту министрлігі ЖОО мен колледждерге жаңа жатақханалар салу немесе ғимараттарды жатақханаға айналдыру үшін қайта жаңғырту кезінде құрылыс салушының шығындарын ішінара өтеуге бағытталған мемлекеттік тапсырысты орналастыру тегін қайта қарастырды.

ЖОО және колледж студенттері үшін жатақханалар салу кезінде бір орынға мемлекеттік тапсырыстың мөлшері 122 АЕК-тен 195 АЕК-ке дейін, Алматы қаласы үшін 144 АЕК-тен 230 АЕК-ке дейін көбейді. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру мерзімі 8 жылдан 6 жылға дейін қысқартылды. Алдын ала жасалған келісімге сәйкес 2025 жылға дейін 75 жаңа жатақхана салу жоспарланған.

Сондай-ақ, Алматыда студенттік жатақханалар құрылысының жобалық офісі ашылды. Жобалық кеңсенің негізгі міндеті Алматы қаласының аумағында жатақханалар салу және студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қолайлы жағдай жасау. Атап айтқанда, қала әкімдігі мен Қаржы орталығы тарапынан тұрғын үй салуға мүдделі жоғары оқу орындары мен әлеуетті инвесторларға жедел заңгерлік, консультациялық және сараптамалық қолдау көрсетіледі. Осындай жобалық кеңселер Астана, Шымкент және Ақтөбе қалаларында да ашылады.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

● БАЙҚАУ

Алматы қаласының Мәдениет басқармасы жариялаған «Наурыз мейрамы – 2023» көрікті жерлерді безендірудің үздік дизайнына арналған байқау аяқталды.

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Жеңімпаздарды құрамында дизайнерлер одағының, суретшілер одағының, қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының, сондай-ақ Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілдері бар жұмыс комиссиясы таңдады. Барлық ниет білдірушілер арасында өткізілген байқауда қанжығасы майланып, жеңімпаз атанған Динара Абраева 1-орынға (1 000 000 теңге) ие болды. Екінші орын – Амантур Бейсенбиновке (500 000 теңге), үшінші орын – Нұржан Ибраевке (300 000 теңге) бұйырды.

Айта кетейік, жеңімпаздардың жұмыстары Наурыз мерекесі қарсаңында Алматы қаласының жарнама алаңдарында орналастырылады.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

● РЕЙТИНГ

«АЛМАТЫ» ӘКК» орнықты бизнес-құрылым

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «BBB» деңгейінде «Алматы» ӘКК-ға несиелік рейтинг берді.



● САЙЛАУ – 2023



№4 округ бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына үміткер

САЛТАНАТ НҮРӘДІЛҚЫЗЫ ӘМІРҒАЛИЕВАНЫҢ

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Әмірғалиева Салтанат Нұрәділқызы, 1959 жылы дүниеге келдім. 1976 жылы Республикалық физика-математика мектебін алтын медальмен бітірдім. «Колданбалы математика» мамандығы бойынша С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін және Абылайхан атындағы ҚазӘТ және ХҚУ-тің «Халықаралық құқық» мамандығын үздік дипломмен тәмамдадым. Физика-математика ғылымының докторы, профессор, көптеген ғылыми монографиялар мен басылымдардың авторымын. Қазіргі уақытта Логистика және көлік академиясының президент-ректорымын. «Күміс алқа» орденімен марапатталғанмын.

Мен қоғамды дамытуға арналған сайлауалды тұғырнамалды өткен, бүгін және болашақтың үш бірлігінен құрдым.

Аға ұрпақтың өмір сүру сапасын жақсарту – менің сайлауалды тұғырнаманың басымдылықтарының бірі. Мен өзін-өзі ұсынушы кандидат ретінде қарттардың қоғам өміріне барынша араласуына және олардың арасындағы байланыстырушы буынға айналуына мүмкіндік беретін интеграциялық саясатты жүзеге асырғым келеді.

Менің сайлауалды тұғырнамам келесі басым бағыттарды қамтиды:

Барлық деңгейде қолжетімді, сапалы, бәсекеге қабілетті білім беруді қамтамасыз ету; Өндірістік аймақтардың негізгі мәселелерін шешу; Қауіпті және зиянды өндірістегі жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау; Еңбекке деңгейін арттыру; Қолжетімді сапалы медициналық көмек көрсету; Аудандарды абаттандыру; Экологиялық проблемаларды шешу.

Оларды шешу үшін келесі бастамалар ұсынылады:

- Қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес – білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс саласындағы жас мамандарды, жетім балаларды кепілдендірілген жұмыспен қамту және қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету.
- Еңбек өтілі бойынша арнайы жеңілдіктер мен үстемесқылардың тізбесін қалыптастыру. Зейнеткерлік жасты төмендету. Азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту.
- Отбасы институтының әлеуетін нығайту, ұлттық-мәдени құндылықтарды сақтау, аналық капитал, көпбалалы ана мәртебесі туралы заң жобасын қабылдау.

**Аса құрметпен,
үміткеріңіз Салтанат Нұрәділқызы Әмірғалиева.**

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Салтанат Нұрәділқызы Әмірғалиеваның сайлау қоры қаражатынан төленді.

Рейтингтік агенттіктің ресми сайтында ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Алматы ӘКК әлеуметтік жобаларды іске асыру, шағын және орта бизнесті қолдау және ынталандыру, ескі тұрғын үйлерді жаңарту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы қаланың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін орнықты бизнес-құрылым болып табылады.

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін («РДЭ») шетелдік және ұлттық валютада «BBB» деңгейінде растады. Болжам – «тұрақты».

Негізгі өңірлік даму институты болып табылатын Алматы ӘКК-нің маңызды қоғамдық миссиясын, назарға ала отырып, Fitch агенттігінің талдаушылары «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына осындай баға берген. Компанияның қызметін талдай отырып, Алматы қаласының әкімдігі корпорацияның жалғыз акционері болып табылатындықтан, Fitch «Алматы» ӘКК» мемлекетпен байланысты компанияларды рейтингілеу әдіснамасы негізінде бағалады.

Қазіргі уақытта Алматы ӘКК-нің 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасының тұжырымдамасы аясында корпорация бизнесті қолдайтын, қаланың басым әлеуметтік-маңызды және инвестициялық жобаларын іске асыратын қаланы дамытудың негізгі институты болып табылады.

«BBB» рейтингі – бұл қанағаттанарлық кредиттік қабілеттерді, қазіргі уақытта кредиттік тәуекелдер бойынша төмен кәсіпкерлерді, қаржылық міндеттемелерді уақтылы өтеудің оң қабілетін білдіретін инвестициялық санат.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: ӘКК баспасөз қызметі).



MEPEKE

«АМАЛ КЕЛДІ»

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте).

Самарқанның көк тасы еріді

Бізге ата-бабаларымыздың бейітіне көктас қоятын болған. Бұл дәстүр қазір де бар. Сол көктасты алу үшін Самарқан асып, дәл 13 наурызға туралап баратын болған деседі. Сол күні осы көктасты кесіп алу оңай болған көрінеді дейді бір аңыздарда. Ал кейбір зерттеушілер «Самарқанның көк тасының еруіне» символикалық сипат беріп, Наурызды құл құрықтан, құң сырықтан құтылып, «хан қарашаның есігінен қарап, қараша ханның төріне шығатын күн» деген түсініктің аясында шоғырландырады.

Ал 13-інен кейінгі 14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күні ағайын-жұрт қыстан аман-есен шыққанына қуанып, үстіне бар жақсысын іліп, міндетті түрде бауырсақ пісіріп, дастарханға барлық тәттіні молынан төгеді. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкендерге кіріп, қос қолдап амандасып, көрісіп шығады. Бір-біріне «Бір жасыңмен!» дейді. Ол «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман-есен жетуіңмен!» деген ұғымды білдіреді. Қазақ қашанда дастарханын айрықша қастерлеген. Бұл жоралғы жыл бойы тоқ жүрейік, дастарханымыз аралас болсын, қарым-қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен туған.

Осынау шадыманға, ақ батаға толы бұл мерекеде мәрсәре болған аштық осы қарқынмен 22 наурызды қарсы алады. Ол күн де алыс емес. Басымыз аман, бауырымыз бүтін болғай, ағайын!

Көрісу күнінде қасиет бар

Өмірде әрбір адам үшін атаулы күндер болады. Әсіресе, өзінің туған күні немесе жылда асыға күтетін мереке ерекше көңіл күй сыйлайды. Мен үшін туған күннен де маңызды, сол бір ауылда қалып кеткен бейкүнә балалықтың «дәмі» сезілетін қасиетті күн бар. Ол – көрісу күні. Көрісу (амал) ғұрпының мәнісінен хабарсыз кейбіреулер атауына қарап, «әншейін қол алысып, амандасуды да жеке мереке етіп алған ба, онсыз да көп көріспеген жандармен төс қағыстырып, амандасу қазақтар бар салт қой» деп ойлауы әбден мүмкін. «Көрісуді мерекеге теңеу логикалық тұрғыдан қиынсыз» деп кейбір ғалымдар да айтып жүр. Бірақ бұл күнде қадір-қасиет бар. Қыстан мал-жаны аман шығып, бір-біріне құшақ жайып, кеуде тосатын күн.

Мұрнына анаң пісірген шелпек пен бауырсақ иісі сезіліп, құлағыңа көршілер мен ауыл адамдарының, ағайын-туыстың



«Бір жасыңмен!» деп сөз бастап, амандық-саулық жаудырған тілектері естіліп, ерекше айтатын сол бір «Көрісу таңы» мәңгі естен кетпейді. Жой күндері сабақтан қалмау үшін ертен ерте тұратын біз Көрісу күні ұйқы шала болса да, ертерек тұруға құмар едік. Таңдағы қалың ұйқы жайына қалады. Иіс шығарылып, асқа бата жасалып, Құран оқылады. Ата мен әжеге, үйдегілерге көрісу үшін ауылдағылар ағылып келе бастайды. Содан бастап қас қарайғанша дастархан жиналмайды, ошақ сөнбейді, самаурын судан құрғамайды.

Жыл бойы жиналған өкпе-ренішті бір сәтте кешіруді осы бір қасиет дарыған күннен үйрендім. Балалығым қалған жерде қазақтың Жаңа жыл мерекесін тойлау дәл осы көрісу күні – 14 наурызда басталып кетеді. Алдымен үш үйдің есігін ашып, көрісіп шығу керек деген ырым бар.

Мереке күні мектепке барғанымызбен, жөнді сабақ та өтілмейтін. Ауылдағы ең биік ғимарат – мектептің жоғары қабатынан ауыл алақандай көрінеді. Сынып терезесінен кішкентай балалардан бастап, ауыл үлкендерінің үй-үйді аралап, көрісіп жүргенін көріп, «бүгін неге демалыс емес?» деп сырттай қызығып қарап отыратынбыз. Үнемі қабағынан қар жауып, ашуын оқушылардан алатын кейбір қатал мұғалімдер сол күні құдды бір басқа адам секілді мейірімді болып кететін. Жасы кішілердің әрбірінің қолында бір-бір үлкен пакеттер болады. Ол не үшін дейсіз ғой?

Үй иелері көрісіп келген балалардың қолындағы пакеттерге үйіп-төгіп бауырсақ пен тәттілер салып жібереді. Құр қол жібермейді. Халқымыз дастарханын қастерлеген. Осы бір жоралғы «балалар тоқ жүрсін, дастарханымыз аралас, тоқтық болсын» деген ниеттен туған. Қарапайым дүние болып көрінгенімен, ғажабымен есімде қалған осы бір күнде қаншама қазақтық жатыр десейші...

Амал мерекесіне ғана тән «Бір жасыңмен!» тілегінің астарында ыстық ықылас, құрмет пен сыйластық жатыр. Бұл сөздің мағынасын жете түсінбесек те, үлкендерден осы сөзді естігенде, расымен бір жасқа есейіп кеткендей күй кешетінсің. Ол «бір жасқа есеюіңмен, осы жылға аман-сау жетуіңмен» дегенді білдіреді.

Бір-бірімен көрісіп жатып, жылы шыраймен өкпе-ренішті кешіріп, арадағы араздық ұмытылып, құт пен береке тілеп, қыстан аман шыққанымен құттықтау – ешбір ұлтта жоқ жөні бөлек үрдіс. «Көктемеде бір тойдым, көбік қарда бір тойдым», «Амал келді, отпан тауда от жанды» деген сөзді дана қазақ Көрісу күніне байланысты айтса керек.

Наурыздың 13-інен 14-іне қараған түнде Ай мен Амал жұлдызы бір сызықтың бойына теңеседі екен. Бұл – ғылыми дәлелденген теория. Соңғы жылдары Амал мерекесінің аясы кеңейіп, Қазақстанның басқа да аймақтарында Наурыз мейрамының бастамасы ретінде тойланып келеді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ЖЫЛ КЕЛДІ...»



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ахмет ТОҚТАБАЙ,
этнограф-ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор:

Ұлттық сананың белгісі

Наурыз мейрамы 4 кезеңнен тұрады. Біріншісі – тазалық. Оған рухани, материалдық тазалық жатады. Үйді, қора-қопсыны тазалаудан бөлек, әркім жанын тазалау керек. Бір жыл бойы жиналған өкпе-ренішті ұмытып, арасы үзілген ағайын араласа бастайды. Екіншісі – көрісу. Қыстауда тұрған қазақтар жер-аяғы кеңіп, күн жылында бір-бірімен қауышып, атақты, аузы дуалы ауыл үлкендерінен бата алатын болған. Үшіншісі – наурыздың дастархан мәзірі. Үй-үйді аралап, 40 үйден дәм тату керек деген ырым болған. Төртінші кезеңі – наурыздың ойындары. Қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырады.

Көрісу – тек батысқа емес, бүкіл қазақ жеріне тән мереке. Наурыз жырларының ішінде «Көріс жырлары» деген бар. Наурыздың фольклорында көрісу бірнеше жерде кездеседі. Кейбір аймақта жақыны, туысы қайтыс болған үйлер көріседі. Ал бұл көрісудің мәні басқа, қуанышты көрісу.

Бұрын Наурыз мейрамын Қазақстанның әр аймағы көктемнің келуіне байланысты әртүрлі уақытта тойлайтын болған. Қытай қазақтары наурыздың 11-інен бастап тойлай береді. Оңтүстікке көктем ерте келетіндіктен өңір халқы Жаңа жылды тойлауды ақпан айының соңында бастап кететін болған. Ал Арқада көктем наурыздың аяғында басталатындықтан, 21-інен 22-сіне қараған түннен жылдың басы деп есептеген. Менің ойымша, бүкіл қазаққа ортақ мерекені бір күнде атап өту керек. Ол – ұлттық сананың белгісі.

Наурызға қатысты ең басты қолжазба, ол – Омар Хайямның қолжазбасы. Наурызды күн мен түннің теңелетін уақытына теңестіріп, күнтізбені қалыптастырған, XI ғасырда сол күнтізбені жасауға қатысқан тұлға. Ол 1079 жылы «күн мен түннің теңелетін уақыты» деп Наурызға тоқтаған. Оған дейін парсы абыздары күнтізбені дұрыс есептегендіктен Наурызды, Жаңа жылды тойлау жылдың әр уақытына ауысып отырған. Көктемге, жазға, тіпті күздің қыркүйегіне де сәйкес келген кезі болған. Бірақ ол күнтізбе дұрыс болмай, халықтан салық жинайтын уақыт дұрыс шешілмегендіктен, күнтізбені қайта жасау қолға алынған. Сол кезде ол күн мен түннің теңелген күні 21-22 наурыз күні тойлайық деген еді. Омар Хайямға дейін бұл мейрамды парсының ескі күнтізбесінде 14 наурыздан атап өткен. Сол үрдіс еліміздің батыс өңірінде сақталып қалды.

Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ,
тарих ғылымының кандидаты:

Неге «амал ғұрпын» еліміздің батыс бөлігі ғана мерекелейді?

«Көрісу дәстүрі» батыс облыстары мен соған іргелес жатқан Ресейдің қазақтар мекендейтін өңірлеріне ғана тән. Тарихтың тар тұстарында алып көршіміздің меншігіне өтіп кеткен құнарлы жерлер кезіндегі айбары асқан маңғыт пен алшынның атажұрты еді.

«Көрісудің» құпия кілтін ашқымыз келсе, өлке этнографиясының ерекше қыры мен сырына тереңірек үніліп, өңір тарихының тұңғығына бойлай түскеніміз жөн. Көрісу ғұрпының тамыры қайда жатқанын зерттеген этнографтар мен тарихшылар аталмыш салттың төркінін көне түркі-моңғол дәстүрімен байланыстырып жүр. Мәселен, Маңғыстау өлкесінің тарихын ұзақ уақыт бойы зерттеген Андрей Астафьев «Амал (Көрісу) мерекесінің тамыры моңғол мен тувалық халықтарда жатқанын» зер салса, тарихшы Асылбек Байтанұлы Шаған (Цаған сар) – моңғол халқының дәстүрлі жаңа жыл мерекесі күнінде тойланатын «Золгох» дәстүрі мен біздегі «Көрісу» күнінің тұспа-тұс келуінде ерекше мән бар екеніне көңіл бөледі. Келтірілген ой-тұжырымдардан нені байқап, қандай жайтты аңғаруға болады? Осы ретте әлі күнге дейін жұртшылық көп назар аударма қоймаған өңір тарихындағы бір жасырын сырды суыртпақтауға болатын сияқты.

«Әр елдің салты басқа, итері қара қасқа» деген тәмсілді түсінудің еш қиындығы жоқ. Қалай болғанда да, қазақ этногенезінің қалыптасуында «моңғол факторын» жоққа шығару өсте қиын. Қазақ халқының салт-дәстүрінің өзегі көне түркі-моңғол қоспасында жатыр һәм соның дәлеліндей көптеген әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізде ұқсастықтар көп. Оның бәрін жіпке тізе берсек, тақырыптан ауытқып кетуіміз мүмкін.

Танданарлығы сол, бізге жеткен тарихи деректер XV ғасырға дейінгі Ресейде де 14 наурыз – Жыл басы боп есептеліп, дүркірей тойланғанынан хабар береді. Атағы айға жетіп, «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» боп тұрған Алтын Орданың айбынды хандарына салық төлеп, пұшайман күйге түскен қосылармыздың жай-күйі көз алдына келеді. Кешегі күні төрткүл дүниеге танылған Алтын Орданың шексіз құдіретіне тағы бір таңқалып, шіркін, біздің бабалар-ай, дейсің де қоясың?!
«Көрісу күніне» орай зерттеу жүргізген этнограф-ғалымдардың пайымдары мен «Көрісу күнінің» географиялық ерекшелігіне байланысты туындаған ойымыз бен болжамдарымыздың қысқаша түйіні – осы. Айтылған пікірді айдан анық ақиқат деуден аулақпыз, әрине. Біздің мақсат – ақиқатқа апарар із бен сүрлеуді тынымсыз іздеп, сол жолға түсу ғана.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ



Суреттерді түсірсен Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІРЕГЕЙ БӘСЕКЕ

Алматыда командалық және ұлттық спорт түрлері бойынша мектеп лигаларының ойындары өтуде

Жасөспірімдерді спортпен тұрақты шұғылдануға тарту, мектеп оқушылары арасында бұқаралық спортты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Бүгінде бұл бағытта Алматыда спорт секцияларының саны артып, саланы цифрландыру мәселесі жолға қойылып келеді.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында спорттық инфрақұрылымды кезең-кезеңімен салу арқылы бұқаралық және балалар спортымен айналысу үшін жағдай жасаудың маңыздылығына тоқталған болатын. Бүгінде бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыс көп. Мәселен, Алматының барлық білім ордаларында командалық және ұлттық спорт түрлері бойынша мектеп лигалары құрылған. Оған қаланың 214 жалпы білім беретін мектебінен 30 388 оқушы қатысады. Қазіргі уақытта аудан мектептері арасында іріктеу ойындары өтіп жатыр. Жеңімпаз командалар мамыр айында Балуан Шолақ спорт сарайында болатын қалалық финалға өтеді.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың қаңтар айында Спорт басқармасы бұқаралық спортты дамыту және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында командалық спорт түрлері бойынша (шағын футбол, баскетбол және волейбол, сондай-ақ ұлттық спорт түрлері – асық ату, бес асық, арқан тарту, бұқа тарту және қазақ күресі) мектеп лигаларын құрған болатын.

Жас дарындарды табуға әрі тануға мүмкіндік беретін бірегей спорт бәсекесі 10 наурызда қаланың жалпы білім беретін мектептерінде ұлттық спорт түрлері бойынша аудандық ойындар өтті. Ал 1 наурызда оқушылар арасында ұлттық спорт түрлері бойынша Наурыз мерекесіне орайластырылған Фестиваль басталды. Фестиваль бағдарламасына тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық, арқан тарту, бұқа тарту, қазақша күрес секілді спорттың 6 түрі бойынша жарыстар кіреді. Спорттық іс-шараға 214 мектептен 7600-ден астам оқушы тартылды. Қазіргі уақытта аудандық деңгейдегі ойындар өтуде. Финалдық кезең 2023 жылдың 21 наурызында «Астана» алаңында өтеді.



Бұған қоса, Жастар саясаты басқармасы Спорт басқармасымен және жоғары оқу орындарының өкілдерімен бірлесіп үш командалық спорт түрінен (футбол, волейбол және баскетбол) «ALMA CUP» студенттік лигасын құрды. Бүгінгі таңда «ALMA CUP» жобасына қатысуға келісімді 20 ЖОО, 43 команда, 1000-ға жуық қатысушы растады. Бұл жоба келуші студент жастарды әлеуметтендіру және бейімдеу мәселесінде қала ЖОО әлеуетін біріктіруге мүмкіндік береді. Студенттік лигалар бойынша жарыстар 2023 жылғы 5 қыркүйек пен 25 желтоқсан аралығында өтеді.

Жасы да, жасамысы да алақандай құрылғыға тәуелді болған заманда спорттың адам денсаулығы үшін пайдасы зор екені белгілі. Балаларымыздың денсаулығы мықты болып өсуі үшін осындай жарыстар жиі ұйымдастырылатын болса, спортпен айналысуды тұрақты түрде дағдыға айналдырамыз деген сөзсіз. Жастарды спортқа баулу – жарқын болашақ кепілі. Сондықтан бұл тұрғыдағы атқарылар жұмыстарды жандандыру күн тәртібінен түспек емес.





ЖАҢА АЛМАТЫ

ТҮРҒЫНДАР ҮШІН ЗОР МҮМКІНДІК

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша өтінім қабылдау басталды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекет басшысының «Халық үні естiтiн Үкiмет» тұжырымдамасының негiзiнде «Халық қатысатын бюджет» жобасының Алматыда жүзеге аса бастағанына биыл бесiншi жыл – қаланы көгалдандыру мен дамытуға тұрғындарды қатыстыру.

Алматылықтар 30 наурызды қоса алғанда budget.open-almaty.kz интернет-портал арқылы өз ауданын (шағынаудан, аула және т.б.) абаттандыру бойынша жобалық ұсыныстарын бере алады.

Жобаның критерийлері мен талаптарына сәйкес келетін, сондай-ақ дауыс беру кезеңінде Алматы тұрғындарының ең көп дауыс жинаған идеялары мен бастамаларын әкімдік ағымдағы 2023 жылы іске асыратын болады. «Халық қатысатын бюджет» жобасын қаржыландырудың қосымша сомасы 7 млрд теңгені құрайды.

Жобалық ұсыныстар мынадай 9 санат бойынша қабылданады: көгалдандыру; тротуарларды жайластыру; тротуарларды, пандустарды, арықтарды салу және жөндеу; Жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды (саябақтарды, скверлерді, жаяу жүргіншілер аймақтарын, көшелерді және өзге де объектілерді) құру, жөндеу және жарықтандыру; бордюрлерді, төсеніштерді, тіреу қабырғаларын жөндеу; полигондарды жою; балалар ойындары мен ересек тұрғындардың демалысына арналған орындарды, урналарды, жабдықтар мен конструкцияларды жалпы пайдаланылатын орындарға орнату және жөндеу; спорт алаңдарын (тренажер алаңдарын, футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын), аула аумақтарында және жалпы пайдаланылатын орындарда балалар ойын алаңдарын орнату, жөндеу және жарықтандыру; санитарияны қамтамасыз ету.

Жобалық ұсыныстар budget.open-almaty.kz порталы арқылы қабылданады, ол үшін өтінімді (жобалық ұсыныстың атауы, оның сипаттамасы, мекенжайы/орналасқан жері) толтырып, жобалық ұсыныстың бағдарлы фотосуретін/нобайн/схемасын және сметасын тіркеу қажет (интернеттен немесе кез келген басқа ашық көздерден үлгі нобайларға немесе есептеулерге жол беріледі). Бір жобалық ұсыныстың ең жоғары құны 86,2 млн теңгеден (25 мың АЕК) аспауы тиіс.



Барлық өтінімдер қабылданғаннан кейін, әрбір аудан әкімдігі жанынан мәслихат депутатының, Алматы қаласының қоғамдық кеңес мүшелерінің, сәулетшілердің, құрылыс саласындағы мамандардың қатысуымен сараптамалық кеңестер құрылады. Бағалау барысында ұсыныстар дауыс беруге жіберілуі, пысықтауға жіберілуі немесе жобаларды іріктеу критерийлеріне сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбауы мүмкін. Әрбір жоба бойынша ақпарат алдын ала рұқсат беру хаттамаларында көрсетіледі және аудандық әкімдіктер budget.open-almaty.kz порталында жариялайды. Пысықтау қажет болған жағдайда, ұсыныс авторына электрондық поштаға хабарлама жіберіледі. Бұдан әрі авторлар пысықтаған ұсыныстарды қарау нәтижелері бойынша аудан әкімдіктері budget.open-almaty.kz порталында рұқсат хаттамаларын жариялайды.

Жобаға қатысушылардың ыңғайлылығы үшін порталда «Дауыс беру» бөлімінде онлайн-дауыс беру қолжетімді, онда сізге өзіңізге ұнаған 3-тен аспайтын жобалық ұсыныстарды тандап, ЭЦҚ немесе ЖСН (SMS-код) көмегімен өз дауысыңызды растауға болады. Келесі кезеңде аудан әкімдігі дауыс беру қорытындыларының хаттамасын қалыптастырып, порталда орналастырады, онда жіберілген жобалардың саны және әрбір жоба бойынша дауыс берген азаматтардың саны туралы толық ақпаратты көрсетеді. Осыдан кейін бюджеттік заңнамаға сәйкес жобалық ұсыныстарды іске асыру бойынша бюджеттік өтінімдер қалыптастырылады.

Аудандық әкімдіктер жобалық ұсыныстарды іске асыру барысы және қорытындыла-

КЕРЕК ДЕРЕК

- «Халық қатысатын бюджет» жобасы Алматыда алғаш рет 2019 жылдың тамызында іске қосылды.
- Аталмыш жоба мегаполисте биыл бесінші рет жүзеге асырылуда.
- 2022 жылы 1251 ұсыныс келіп түсті, оның 205-і 2023 жылы іске асыруға мақұлданды, жалпы сомасы 8,5 млрд теңгені құрайды. 2022 жылдың ең қызықты жобаларының ішінде мыналарды атап өткен жөн:
- Алматы қаласы Жетісу ауданы, Черновицкая көшесіндегі Есентай өзенінің бойындағы жағалауды жайластыру.
- Алматы ауданындағы Бөгенбай батыр бульварын абаттандыру (Шәріпов көшесінен Байтұрсынов көшесіне дейін).
- Медеу ауданындағы Қаламдарды ағымдағы жөндеу – Керей Жәнібек хандар көшесі, 29.
- Медеу ауданындағы Тіксай өзенінің жағалауын абаттандыру.

ры туралы ақпаратты budget.open-almaty.kz порталындағы «Жобалар бойынша материалдар» бөлімінде орналастырады.

Жобалық ұсыныс критерийлері:

- бір автор – бір өтінім – бір жоба;
- нысан қолжетімділікті шектемей, жалпы пайдалануда болуы керек;
- объектінің орналасқан жері оны іске асыру жоспарланған аудан аумағында, жалпы пайдалану учаскесінде болуы тиіс;
- әкімдік құзыреті шегінде болуы міндетті;
- Алматы тұрғындары үшін өзектілігі.

Жобалық ұсыныстар қабылданбайды, егер:

- құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізбестен, тек жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге есептелсе;
- болашақта қосымша элементтерді іске асыруды талап етсе;

• Алматының даму басымдықтарына сәйкес келмесе;

• жеке коммерциялық сипатқа ие болса және т.б.

Алматы ауданының тұрғындарымен кездесу барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыруға 2023 жылы қосымша 7 млрд теңге бөлінетінін хабарлаған болатын. Бұл шешім осы бағдарламаның тиімділігін ескере отырып қабылданды. Қосымша қаражат қаланың сегіз ауданына бөлінеді. Жалпы, қаржыландыру 1,8 есеге ұлғайтылады.

«Халық қатысатын бюджет» бойынша консультацияны Алматы қаласының аудандық әкімдіктерінен, сондай-ақ Алматы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесінен 224-39-29 (ішкі.203), 1308 алуға болады.

келді. Мемлекеттен жұмыс берушілер де, 50 жастан асқан, жұмыс табуы қиынырақ адамдар да қолдау алатынына қуаныштымын», – деді жеке кәсіпкер Қарлығаш Рахматулина.

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, былтыр Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасын іске асыру шеңберінде 63 адам «Күміс жас» жобасына қатысқан. Сондай-ақ, өткен жылы Алматыда «Жастар іс тәжірибесіне» – 1194 адам, «Әлеуметтік жұмыс орнына» – 1032 адам, «Алғашқы жұмыс орнына» – 433 адам, «Ұрпақтар келісімшартына» – 63 адам қатысушы болған.

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМА

«КҮМІС ЖАС» ЖОБАСЫ

Зейнет жасына жақындаған адамдар да жұмысқа орналаса алады



Досбол
АТАЖАН

Елімізде Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы аясында әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған арнайы жобалар іске асырылып жатыр. Оның ішінде «Күміс жас» жобасы зейнет жасына жақындаған жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға арналып отыр.

«Күміс жас» – зейнет жасына шығуға жақын қалған жұмыссыз адамдарды жұмыспен қамтуға арналған бағдарлама. Алғашқы кезде бағдарламаға зейнетке шығуына 2 жыл қалған адамдар ғана қатыса алса, биылдан бастап 50-ден асқан жұмыссыз азаматтар да қатысушы бола алады.

«Бұған дейін «Күміс жас» жобасы 60 жастан асқандарға қарастырылып келді. Биылдан бастап 50 жасқа дейін төмендетілді. Осылайша жобаға қатысушылар аясы кеңейтілді. «Күміс жас» жобасының мақсаты – зейнет жасына жақындап қалған жұмыссыз азаматтарды қолдау. Біз оларға жеке көмекші, әлеуметтік қызметкер, атаулы әлеуметтік көмек бойынша немесе еңбекпен қамту орталықтарында консультант болуды ұсынамыз. Демек, әлеуметтік сала бойынша жұмысқа орналастырамыз», – деп ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова жыл басында хабарлаған.

Зейнет жасына жақындаған жұмыссыз азаматтар үшін жобаға қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Жобаға қатысу мерзімі аяқталған соң, жұмыс беруші зейнет жасына жақындаған адамды зейнетке шыққанға дейін тұрақты жұмысқа

алуға міндетті. Бұл талаптармен «Күміс жас» жобасына қатысқан адамдардың жалақысын мемлекет пен жұмыс беруші бөліп төлейді. Яғни жалақының 50%-ына субсидия беріледі.

Ал 50 жастан асқан жұмыссыз азаматтар үшін бағдарлама аясындағы жұмыс орны үш жылға қарастырылған. Онда мемлекеттік субсидия келесі жолмен іске асады: бірінші жұмыс беруші қызметкерге толық бір айлық жалақысын төлейді. Содан кейін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнетақы аударымдарына қарап, төленген жалақының толық сомасын шығарып, соның 70 пайызын субсидиялайды. Ол кәсіпорынның есепшотына аударылады. Жоба аясында алғашқы жылы еңбекақының 70%-ы, келесі жылы 65%-ы, үшінші жылы 60%-ы субсидияланады. Ал қалған сомалар жұмыс берушінің есебінен жүргізіледі.

«Күміс жас» жобасы бойынша жұмыс іздеуші ретінде тіркелу үшін Халықты жұмыспен қамту орталықтарына немесе enbek.kz электрондық еңбек биржасына жүгіну қажет.

- Enbek электрондық еңбек биржасы арқылы тіркелу;
- Enbek.kz-те жеке кабинет ашыңыз;
- Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуге өтінімді толтырыңыз және ЭЦҚ-мен қол қойыңыз;
- Өтінім автоматты түрде тексерілгеннен кейін жеке кабинетіңізге хабарлама келеді.

Айта кеткен жөн, бұл жобаға кез келген жұмыс беруші қатыса алады. Қызмет ұсынушы – заңды тұлға, жеке кәсіпкер немесе мемлекеттік мекеме болуы мүмкін. Басты талап – ол кәсіпорын кемінде 1 жыл жұмыс істеуі және жалақы бойынша берешегі болмауы керек.

«Мен қоғамдық тамақтану орнының иесімін, менің «Минутка» атты асханам бар. Жұмыспен қамту орталығының мамандары жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырып, онда мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындары туралы айтып берді. Мен «Күміс жас» жобасына қызығушылық танытып, өтінім бердім. Ал 1 ақпаннан бастап маған 2 кісі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Райгүл ЖАЙСАНБАЕВА,
«Күміс жас» жобасына қатысушы:

Балабақшадан жұмыс таптым

Алматы қаласының Түрксіб ауданында тұрамын. Қазір жасым 60-тан асты, бірақ 61-ге әлі толмадым. «Күміс жас» жобасы туралы қызымнан естідім. Жұмыссыз қалғанымды естіп, қызым «осындай жобаға тіркелуге болады» деп айтты. Сонымен, екеуіміз барып, мені тіркеп келдік. «Күміс жас» жобасы бойынша жұмыс берушілер өздері жұмысқа шақырады екен. Сөйтіп, көп ұзамай мені балабақшаға шақырды, онда мен тәрбиешінің көмекшісі болып жұмысқа тұрдым. Жасыма қарап осындай жеңілдеу жұмысты маған ұсынды. Қазір жұмыс істеп жатқанымға жарты жылға жақындап қалды. «Күміс жас» – өте жақсы жоба деп ойлаймын. Өйткені, зейнет жасына жақындап жұмыссыз қалғандар көп. Осы жасында мені ешкім жұмысқа ала қоймас еді. Жалпы, жоба авторларына алғыс айтамын. Бұл қарапайым адамдарға, халыққа үлкен көмек. Қазір зейнетке 61-де шығатын болдық қой. Алла қаласа, осы жобамен жұмыс жасай беремін.

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН

РАМАЗАН – ҚАСИЕТТІ АЙ

Ораза тұтуға дайынсыз ба?

Қасиетті Рамазан айы жақындап келеді. Санаулы күндерден кейін, 23 наурыздан бастап күллі мұсылман қауымы 30 күн ауыз бекітіп, ораза тұтады. Рамазан – асқазанды демалдырып, рухты қуаттайтын уақыт. Соңдықтан оразаға жан мен тәнді алдын ала дайындаған абзал.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Айлардың сұлтаны Рамазан – тақуалық пен тәрбие айы. Өйткені, дәл осы кезде қарапайым пенде адам бойындағы мейірімділік, сабырлық, кешірімділік пен қайырымдылық сынды ізгі қасиеттердің мәнін терең түсініп, нәпсісін тыйып, қанағатшыл болуға ұмтылады. Осы қасиетті айда адам өзін сабырлыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Алтын уақытын құлшылыққа, пайдалы істерге арнап, ас пен судан күн ұзаққа тыйылады. Адам баласы қандай да бір жайсыз жағдайларға тап болса, ашуын ақылға жеңдіріп, «мен оразамын» деп өзін сабырға келтіреді. «Сабыр – иманның жартысы» демекші, мұсылманды күнәдан сақтайтын қалқаны – сабыры мен шыдамы.

Ораза ұстау адамның денсаулығына пайдалы екенін ғалымдар әрдайым айтып келеді. «Жылдың он екі айында ас қорығудан шаршап, бөгіп қалған денедегі ас қорыту мүшелері оразаның арқасында демалады. Рамазаннан кейін жақсы жұмыс істейді», – дейді.

Ғалымдар адамның 2 тәулік бойы тамақтанбай шыдай алатынын дәлелдеген. Мұндайда «Онда неге адамның қарны ашады?» деген сұрақ туындайды. Зерттеу жүргізгенде белгілі болғаны, адам белгілі деңгейде бір уақытта жүйелі түрде тамақтанып үйреніп қалғандықтан, қарны аш болмаса да, асқазанына сөл бөлініп, ол миға қарнының ашқандығы туралы жалған ақпарат береді екен. Адам ашығып бара жатқандығынан емес, ең әуелі, жүйелі келетін тамақтың келмей қалғандығынан қиналады. Ең бастысы, «тамақ ішім керек еді» деген ой аштыққа шыдапайды екен. Демек, Алла Тағала адамға шамасы келмейтін нәрсені жүктемейді!

Ораза ұстауға ниеттеніп жүрген адам алдымен бірнеше



жыл бойы Рамазан оразасын ұстап жүрген білімді, саликалы кісілермен сөйлесіп, кеңес сұрағаны жөн. Рамазанда зор жауапкершілікпен, дайындықпен ораза тұтқанда Жаратушы да пендесіне жеңілдігін береді. Белгілі исламтанушы ғалымдардың Рамазанға дайындық жайлы құнды пікірлерін ескере отырып, келесі кеңестерді ұсынамыз.

- Рамазан айында Ораза тұтуға дұрыс ниеттеніп, қасиетті айда атқарылатын игі істердің тізімін жасау.
- Оразаға физикалық түрде ағзаны дайындау, жеңіл қорытылатын тағамдарды пайдаланып, азырақ тамақтануға дағдылану, кофе, шайдың мөлшерін азайту.
- Өткен жылдың қарыз болған ораза күндерін өтеу.
- Ораза айы басталмас бұрын медициналық тексерістен өту де артық болмайды.
- Аптасына екі рет нәпіл ораза тұтып, ағзаны ашығуға дайындау.
- Рамазанға дейін қайырымдылық істерге белсенді атсалысып, садақа беруді әдетке айналдыру.
- Мінезге ерекше назар аударып, жүрекке зиянды нәрселерден сақтану үшін барлық дене мүшелерімен ораза тұтуды үйрену қажет. Мәселен, көзінді жаман дүниелерге бұрмауға, құлағыңды жағымсыз сөздерден сақтауға, тілінді өсек-аяннан тыюға талпынған абзал.
- Ысырапшылдықты азайтып, кез келген дүниеге қанағат ету.
- Діни сауатты толықтырып, кітаптар оқу, дұға жасау.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аида МҰХТАРҚЫЗЫ, дәрігер:

АУЫЗАШАРДА АПЫЛ-ҒҰПЫЛ ТАМАҚТАНБАУ КЕРЕК

Әдетте көп адам ораза ұстауда қателіктерге ұрынып жатады. Айталық, ауызашарда апыл-ғұпыл тамақтану, сәресіне тұрмау, майлы тамақ пен тәттіні көп жеу секілді әдеттер ағзаға орасан зиянын келтіреді. Адамдар жиі жіберетін бірнеше қателіктерге тоқталғым келіп отыр.

Асығыс-үсігіс тамақ жеу глюкозаның бір сәтте көтерілуіне және ауызашар дастарханынан кейін бірден ұйқының келуіне, сондай-ақ бас ауруына себеп болады. Егер сіз «сәресіне тұрмай-ақ, тамақты кештеу ішіп жатармын, ұйқым бөлінбесін» десеңіз, денсаулығыңызға зиян келтіресіз. Сәресіне тұрмасаңыз, келесі күні ауызашарға, тіпті, ашығып жетесіз. Майлы тамақтардың асқазанда қорытылу уақыты өте ұзақ болады. Сондықтан да сәресі және ауызашар кезінде майға қуырылған, майлы, соусты және кремді тамақтардан аулақ болыңыз. Рамазан айында жеткілікті мөлшерде су ішпеу ас қорыту проблемаларына, әлсіздік, бас ауруына себеп болады. Сондықтан да Рамазан кезінде ағзаңызды шөлдетпес үшін ауызашар мен сәресі арасында кемі 1,5–2 литр су ішу керек. Күні бойғы жұмыс, аштық, шөлдеуден кейін ауызашар кезіндегі апыл-ғұпыл әрі тоятыңқия тамақ жеу әрі глюкозаның бірден көтерілуінен ұйқыңыз келуі мүмкін. Сондықтан тамақ ішіп болған соң 30–40 минуттай жаяу жүруді әдетке айналдырыңыз. Ол қандағы қанттың мөлшерін, қан қысымын, жүректің саулығын сақтауға көмектеседі.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ЕЛІ АРДАҚТАҒАН ЕР

«Қыз Жібек» фильмінің режиссері

Сұлтан-Ахмет Қожықовтың туғанына – 100 жыл

10 наурыз күні қазақ киносының алтын қорына айналған «Қыз Жібек» фильмінің режиссері Сұлтан-Ахмет Қожықовтың туғанына 100 жыл толды. Айтулы датаға орай, Алматыда «Қазақфильм» киностудиясының «Жұлдыздар аллеясындағы» естелік-жұлдызына гүл шоқтары қойылды. Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткерінің құрметіне туыстары, танымал кинематографтар және «Қазақфильм» киностудиясының ұжымы жиналды.



Көрнекті режиссердің мерейтойына арналған іс-шара Сұлтан-Ахмет Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицейдің қабырғасында жалғасты. Лицей оқушылары шығармашылық кеш ұйымдастырып, қонақтарға мерейтой иесінің өмірі мен шығармашылығынан театрландырылған қойылым ұсынды. Іс-шараға С.Қожықовтың жиені

Сәуле Қожықова, белгілі кино қайраткерлері: режиссер Болат Шәріп, актер-продюсер Олжабай Мұсабеков, С.Қожықов туралы түсірілген «Война и мир» деректі фильмінің авторы Болат Нүсіпбеков, режиссер-документалист Сатыбалды Текеев, танымал актер Ерболат Тоғызбақов және қаланың білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

«Қыз Жібек» фильмінің тарихы туралы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құлагер» Ұлттық киносыялығының лауреаты, осы аңызға айналған фильмде бас режиссердің көмекшісі болып жұмыс істеген режиссер Болат Шәріп айтып берді.

«Мемлекеттік киноға тақырыптық жоспарды бекіту үшін Мәскеуге барған кезекті сапарында бұрынғы киностудия басшысы Камал Смайыловқа ұсынылған сценарийлердің бірін бекітпеді. Содан мемлекеттік комитеттің бас редакторын Камал Сейтжанұлы басқа, неғұрлым қолайлы сценариймен алмастыруға уақыт беруге көндірді. Алматыға оралып Ғабит Мүсіреповке қонырау шалып, «Қыз Жібек» пьесасын киносценарийге айналдыруды өтінді. Ғ.Мүсірепов бір ай ішінде Смайыловтың тапсырмасын орындады. Осылайша сценарий ұлттық киношедеврге айналды», – деді Болат Шәріп естеліктермен бөлісіп.

Айта кеткен жөн, Сұлтан-Ахмет Қожықов 1923 жылы 10 наурызда дүниеге келген. Ол өзінің еңбек жолын 1953 жылы институт бітіргеннен кейін киностудияда бастады. Қожықовтың алғашқы тәуелсіз туындысы – «Ана мен бала» болды, кейінірек «Біз Жетісуданбыз» картинасын түсірді. С.Қожықовтың қазақ кино өнерінің төлқұжатына айналған «Қыз Жібек» кинотуындысының премьерасына биыл 50 жыл толды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ

Мегаполисте белгілі кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетовты еске алуға арналған «Тарих тудырған тұлға» атты деректі фильмнің тұсаукесері өтті. Көрсетілімге танымал кинематографистер, ақын-жазушылар қатысты.

«Тарих тудырған тұлға»

Туындыны ҚР Мәдениет және спорт министрінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау орталығы түсірген. Фильмде қазақ кино өнері майталманының жүріп өткен жолы мен шығармашылығы баяндалады.

«Қазақ кино-режиссерлерінің ішінде Сатыбалды ерекше азамат еді. Оның ерекшелігі сол – адамдарды жақсы көретін. Жас пен кәріге ерекше ізеттілік танытатын. Сәкеннің гуманистік қағидасы өнерінде көрініп тұратын. Сатыбалдының жүрегінде халқына деген адал махаббаты өшпей өтті. Қазақ киносын ілгерілетуге қолдан келгенін жасап өтті», – дейді жазушы және кинодраматург Смағұл Елубай.


Айта кетейік, Сатыбалды Нарымбетовтың туған күні қарсаңында «Қазақфильм» киностудиясының «Жұлдыздар аллеясында» Сатыбалды Нарымбетовке арналған жұлдызға гүл шоқтары қойылған болатын.

«Негізі Сәкен жайлы деректі фильм түсіруді оның көзі тірісінде, 75 жасқа толар шағында бастағанбыз. Осы кезде пандемия басталып кетті. Қаржылық жағынан да қысылтаяң кезең болды. Алайда, өткен жылы қаржылай көмек табылып, өткен жылдың желтоқсан айында фильмді түсіріп бітірдік. Бұл фильмді біз Сәкеннің өмірі мен шығармашылығын келешек ұрпақ көрсін, білсін, оның өмірбаяны мәңгілік тарихта қалсын деген мақсатпен түсірдік. Бұл Сатыбалды жайлы түсірілген алғашқы деректі фильм. Алдағы уақытта Сәкеннің туған күніне орай деректі фильм «Қазақстан» ұлттық арнасында көрсетілетін болады», – деді фильм авторы Сатыбалды Текеев.

Сондай-ақ, фильмде оның «Көзімнің қарасы», «Қыз жылаған», «Мұстафа Шоқай» атты фильмдері қалай түсірілгені, фильмді түсіру барысында қандай қиындықтарға тап болғаны жайлы айтылады.

Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘСЛИХАТЫНА АМАНАТ ПАРТИЯСЫНАН ДЕПУТАТТЫҚҚА
КАНДИДАТТАРДЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІ****1**
Ақанова
Әсия**11**
Бекмурзаева
Кристина**21**
Жұмбаева
Ақнұр**31**
Құрманбек
Әсел**41**
Сағынұлы
Алмас**51**
Тұрсынбаева
Элизабет**2**
Алтынбаева
Гүлмира**12**
Белянов
Александр**22**
Жұмабек
Нұрсұлтан**32**
Маралов
Дәурен**42**
Сәрсенбекова
Гүлнәр**52**
Төрегелдинова
Әлия**3**
Анарбаева
Бағдат**13**
Бинали
Айжан**23**
Жылқыбаев
Досбол**33**
Медеубеков
Ұлықбек**43**
Солтанай
Жәнібек**53**
Финогенов
Максим**4**
Абдуманатов
Бахтыяр**14**
Бүгімбаева
Шынар**24**
Зияханов
Олжас**34**
Нәдіров
Жандос**44**
Спирина
Ольга**54**
Хамраев
Садир**5**
Әбдімәлік
Жансая**15**
Джепка
Богдан**25**
Кайрыев
Рустам**35**
Несіпбаев
Бекнұр**45**
Тажиева
Айгүл**55**
Шалбаева
Айгүл**6**
Әбілдаева
Тоғжан**16**
Ерлан
Диана**26**
Канкуров
Станислав**36**
Ордабаева
Найля**46**
Тәймбетов
Әуез**56**
Шамшин
Арман**7**
Әлімбаева
Нұрзия**17**
Есматов
Серік**27**
Кеңесов
Әкежан**37**
Отыншиев
Мейіржан**47**
Тау
Нұрымбек**57**
Шимашева
Рахат**8**
Бақбергенова
Гүлдәурен**18**
Жакупов
Нұржан**28**
Кулдашов
Абдурасул**38**
Пономарёв
Сергей**48**
Тәжібаев
Мұхтар**58**
Шуақов
Бекзат**9**
Батырханова
Мақпал**19**
Жаманбалаева
Шолпан**29**
Қодасбаев
Алмат**39**
Проценко
Игорь**49**
Тә
Елена**59**
Ыбырайымов
Ермахан**10**
Бекқайыров
Нұрсұлтан**20**
Жандай
Сана**30**
Қожабаев
Дәурен**40**
Рамазан
Бекбол**50**
Тоғызбаев
Ғалымжан**60**
Іңкәрбеков
Ұлан



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

КӨП АСҚАНҒА – БІР ТОСҚАН

Заңсыз әрекеттері үшін айыппұл арқалады



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекеттің дамуына, өсіп-өркендеуіне кедергі болатын парақорлық, жемқорлық елімізде әлі тыйылмай тұр. Қоғамға жегі құрттай дендеген дерт өкінішке қарай, қалың бұқара мен биліктің арасын жақындатады дейтін мемлекеттік қызметкерлер арасында жиі кездеседі.

Алматы қаласы Медеу аудандық сотының үкімімен «Алматы жылу желілері» ЖШС-дағы бірқатар лауазымды тұлға пара алғаны үшін сотталды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мәліметінше, қызметтік лауазымды асыра пайдаланып, пара алғаны үшін «Алматы жылу желілері» ЖШС бас директоры К.Бейсенбиновке 560 миллион теңге, бас инженер Д.Қазымбетовке 560 миллион теңге, Күрделі құ-

рылыс басқармасының басшысы С.Джингильбаевқа 560 миллион теңге, пара бергені үшін «СпецКоммунСтрой» ЖШС директоры Б.Разимбековке 400 миллион теңге айыппұл төлеу түріндегі жаза тағайындалды.

«Жоғарыда аты аталған адамдар мемлекеттік қызметте қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырылады. Сотталғандар үшін айыппұлдың жалпы сомасы 2 миллиард 80 миллион теңгені құрады. Бұл 350 орынды мектеп немесе 320 орынды балабақша құрылысының бюджетіне тең» деп жазылған хабарламада.

«Алматы жылу желілері» ЖШС лауазымды тұлғалары Алматы қаласында жылу желілерін қайта құру туралы шарттар бойынша орындалған жұмыстар актілеріне кедергісіз қол қойғаны және ақша қаражатын аударғаны үшін Б.Разимбековтен 16 миллион теңге сомасында пара алды деген күдікке ілінді.

Қылмыстық кодекстің 41-бабына сәйкес айыппұл белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда жаза шарасы бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КӨКТӨБЕГЕ КЕЛҢІЗ!

Бүгін Алматы төріндегі Көктөбеде, сағат 11.30-да, «Наурыз мейрамы» – «Көрісу күні» мерекесімен басталады.

Дәл осы күні қазақстандықтар бір-бірін көктемнің сәтті басталуымен құттықтайды, ізгі тілектер айтады және аға ұрпаққа құрмет көрсетеді. Мереке аясында сахнада Мөлдір Әуелбекова, Айдар Тұрғанбек, «Алашұлы» тобы және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртістері өнер көрсетеді.

Мерекелік аумаққа кіру – тегін. Сағат 10.30-дан 14.00-ге дейін аспалы жолға кіру барлық келушілер үшін тегін.

БИКЕН РИМОВА – 100

«ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР»

«Мәскеу» метро станциясында шығармашылық көрме өтеді

Бүгін сағат 15.00-де Алматы Метрополитенінің «Мәскеу» бекетінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, Халықаралық «ТУРКСОЙ» Мәдени ұйымының қолдауымен, Жетісу облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрының ұйымдастыруымен Қазақстанның халық әртісі Бикен Римованың 100 жылдық мерейтойына орай «Өнермен өрілген ғұмыр» атты шығармашылық көрме өтеді.

Көрмеде актрисаның сахнада киген костюмдері, өзі тіккен көйлектері мен сөмкелері, пайдаланған жеке заттары мен экспонаттары, медальдері, фотосуреттері қойылады. Аталмыш шарада Бикен Римованың замандастары, сахнадағы әріптестері және театр өнерінің майталмандары мен зиялы қауым өкілдері қонақ болады.

Рая ЕСКЕНДІР.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Дина Байсейітқызы Байсейітке туған бауыры, Алматы қаласы Жетісу аудандық ардагерлер қозғалысының белсенді мүшесі **Алтынбек Байсейітұлы ҚҰЛСЕЙІТТІ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҮОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне **ЖАРНАМА** беріңіз де, **ТАБЫСКЕР** болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы – **Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**

Бас редактор – **Төрехан ДАНИЯР**

Бас редактордың орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы – **Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Коммерция бөлімінің жетекшісі – **Қуаныш ДҮСҚАЛИЕВ**
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері – **Алия ЕСИМХАНОВА**
e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӨНЕР

«КҮЙМЕН
ОРНЕКТЕЛГЕН
ӨМІР»

Мегаполистегі Мультимедиялы дәстүрлі музыка орталығында күйші-композитор Қазен Әбуғазыұлының 90 жылдығына арналған «Күймен өрнектелген өмір» атты концерт өтті.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Дәстүрлі өнер дарабоздарының алтын арқауын үзбей жалғап келген Қазен Әбуғазыұлы – Алтай, Тарбағатай күйшілік мектебінің көрнекті өкілі. Бұл кісі дәстүрлі әнші болған екен. Кейіннен тамағы ауырып, әншілікті біржолата тастайды. Ал күйді 50 жастан кейін шығара бастаған. Соңында 40-тан аса күйі қалған.

Дәулескер күйшінің кіндігінен тараған жеті ұл мен бір қызының барлығы да бүгінде өнер айдынында жүр. Кешті сол балаларының бірі, әке мұрасын жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа жеткізіп, насихаттап жүрген ұлы – ҚР мәдениет қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының доценті Мұрат Әбуғазы жүргізіп отырды.

Қазен күйші қолына домбыраны алғаш рет бес жасында ұстап, «Кеңес» күйінің жобасына келтіріп, қайта-қайта шерте жөнеледі. Күйшінің «Ерке күрең», «Жалғыз аққу», «Қара қаз», «Қуаныш», «Бейбіт», «Қайран, әкем!» күйлері ел аузында қазіргі күнге дейін сақталған.

Қазеннің әкесі – Әбуғазы Сапарұлы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында дүниеге келген. 1931 жылғы үркіншілік заманда тауды бөктерлей қуған қызыл әскерлер пулеметінің қарша бораған оғынан да, күркірей тасып жатқан тау суынан да аман өтіп, анасы, інісі үшеуі Қытай асқан екен. Сөйтіп, Тарбағатай аймағының Дөрбілжің дейтін жеріне табан тіреген. Сол жерде 1931 жылы Әбуғазы шаңырақ көтеріп, 1936 жылы тұңғыш ұлы Қазен дүниеге келеді.

Тағдыр деген сол, күйшінің әкесі Әбуғазы Тарбағатай өңірінде туып, сүйегі арғы бетте қалады. Ал Қазен арғы бетте туып, 1961 жылы шекара ашылғанда бергі бетке, атамекенге келеді. Сонда бір жылдары шекара жабылып қалған кездері күйші «әкемнің басына барып зиярат ете алмадым-ау» деген өкінішпен сағынышын «Қайран, әкем!» деген күйімен жеткізген екен. Кешегі кеште осы күйі де орындалды. Ал бұрын домбырада ойналып жүрген «Жалғыз аққу» күйі қылқобыздан төгілді.

Кеште әнші, оқытушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жанпейісов, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының ұстазы Нұрлан Түменбаев, ҚР мәдениет қайраткері, дәстүрлі әнші Талғат Әбуғазы, Өнер академиясының оқытушысы, халықаралық байқаулардың лауреаты Қорлан Картенбаева да лебіздерін білдіріп, күйші шығармашылығымен бөлісті.

Дәстүрлі өнерді дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған кешке жастардың да жиналғаны бізді қуантты.

BASKETБОЛ

ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕР
ЖАРЫСЫ

Алматыда 7–17 жас аралығындағы 1200 оқушыдан құралған 44 команда баскетбол чемпионатының іріктеу турында сынға түсті. Тартысты ойын мегаполистегі Ш.Уәлиханов атындағы білім ошағында баскетболдан мектеп лигасы аясында өтті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Өрендер жарысы Алматы мен Астана командаларының арасында көрініс тапты. Екі қаланың да баскетбол лигасы жергілікті жердегі бірнеше жекеменшік мектептермен әріптестік қарым-қатынас орнатқан.

«Доп бер» («Дай мяч») мектеп баскетбол лигасы 2018 жылдан бері өткізіліп келеді. Біз маусымды жылда екінші тоқсаннан бастаймыз және ойындарды мамыр айының ортасына дейін жалғастырамыз», – дейді мектеп баскетбол лигасының жетекшісі Дмитрий Чмил.

Шоқан Уәлиханов мектебінің спорттық құрал-жабдықтармен толықтай жабдықталғаны соншалық, оны спорт мектебінің деңгейіндегі нысан десек, қателеспейміз. Іріктеу кезеңіне осы мектептің төрт командасы қатысты. Олардың арасында көзінде оты бар 1-сыныптың балақайларынан бастап, жеңіске құштар жоғары сынып оқушылары да бар. Әр командада шамамен 20 ойыншыдан болды.

«Біз балалар арасында баскетболды кеңірек насихат-

тауға тырысамыз. Спорттың осы түріне бейім өрендерді кәсіби тұрғыда жаттықтыратын мықты мамандарды тартамыз. Мәселен, Шоқан Уәлиханов атындағы мектепте балалармен өте танымал, тәжірибелі жаттықтырушы Александр Золотухин айналысады», – дейді Д.Чмил.

Алдағы уақытта олар Алматы қалалық Спорт басқармасының қолдауымен, дәлірек айтсақ, келер жаңа оқу жылынан бастап мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер арасындағы баскетбол лигасын іске қосуды көздеп отыр. Әзірге жеке мектептермен жұмыс істеуде.

Алматы төрінде өткен іріктеу кезеңінің жеңімпаздары кубоктар, медальдар мен грамоталар иеленді. Ал алдымыздағы 13 мамырда Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында үшінші, төртінші және бесінші жас санаттарында чемпионат финалы өтеді.

ЖҮЗУ

ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТ

Сайысқа қатысқан 303 адамның 250-ге жуығы алматылықтар



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жүзу бойынша қалалық чемпионат араға үш жыл салып, пандемиядан кейін бірінші рет өтті. Спорттық іс-шара D-Fitness спорт-сауықтыру кешені мен Алматы жүзу федерациясының қолдауымен ұйымдастырылды.

Сайысқа сондай-ақ, Қызылорда, Сәтбаев қалаларынан және Қырғызстаннан меймандар келді. Бұл чемпионаттың ерекшелігі сол – 9 жастағы баладан бастап ересектер де бақ сынады.

«Жарысқа 50 метр қашықтыққа еркін жүзу бойынша ҚР

рекордсмені Александр Варакин, сондай-ақ жүзуден Ұлттық құрама мен Алматы қаласының құрама командасының мүшелері де қатысты. Бұл стартта республика чемпионатына қатысу үшін Алматы қаласы жүзу федерациясының төрағасы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия ойындарының чемпионы, халықаралық старттардың жүлдегері Артур Дильман.

Жарыс жеңімпаздары осы наурыз айының соңында Талдықорғанда өтетін ҚР Чемпионатында бақ сынайтын болады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

